



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2013 жылғы 14 наурыз**

***Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың  
құқықтарын қорғау комитетін құру туралы***

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылды.

Комитет белгіленген құзыретінің шегінде қаржылық қызметтерді және микроқаржы ұйымдарының қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомствосы болып табылады.

Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Ұлттық Банктің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Ұлттық Банк бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Комитеттің заңды мекенжайы: 050000, Алматы қаласы, Әйтеке би к-сі, 67.

Комитеттің Төрайымы болып Айманбетова Гүлбану Зарлыққызы тағайындалды.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету Комитеттің негізгі міндеті болып табылады.

Комитет Ұлттық Банк құзыретінің шегінде мынадай негізгі функцияларды атқарады:

- қаржылық қызметтерді көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- қаржылық қызметтерді тұтынушыларға олардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсетеді;
- қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының бұзылуын анықтайды;
- қаржы нарығының субъектілері көрсететін қызметтердің сапасына және олар тарататын қаржылық қызметтер туралы ақпаратқа қадағалауды жүзеге асырады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:*

+7 (727) 270-46-39, +7 (727) 2 70-47-47;

*E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*